**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 591 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 6 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 591 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 15, 165-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1.4, 3.3 және 4.4-жолдармен толықтырылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| "1.4 | "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне санаткерлік меншік саласында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | Заң жобасы | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі | 2004 жылдың II тоқсаны | - | -"; |
| "3.3 | "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі | 2004 жылдың II тоқсаны | - | - |

жанынан Санаткерлік меншік оқу орталығын құру туралы ұсыныстар енгізу ";

| | | | |
|---|---|---|---|
| "4.4 | Құқық иеленушіге оның құқықтарын бұзудан келтіріл. ген зиянды | Әдістемелік ұсынымдар | Қазақстан Республика. сының Әділет министрлігі | 2004 жылдың IV тоқсаны |

айқындайтын әдістемелік ұсы. нымдарды әзірлеу ";

реттік нөмірлері 5.1, 5.2-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК